

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 қарашада № 7323 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 19, 69-баптарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының б)-тармақшасына сәйкес, Денисов ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округі Денисовка ауылының аумағында орналасқан жалпы алаңы 3,0569, "Қостанай жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне республикалық маңызы бар "Қарабұтақ - Комсомольское - Денисовка - Рудный - Қостанай" 349-389 шақырымында және Тобыл өзені арқылы көпірдің 385 шақырымында А-22 автомобиль жолының учаскесін күрделі жөндеу" объектінің айналма жолына қызмет көрсету үшін жер учаскесіне 2 жыл мерзімге шектеулі нысаналы пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Денисов ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушысы*

*Б. Достанов*